

Павлодар облысының білім беру басқармасы
Павлодар қаласының білім беру бөлімі
«Павлодар қ. №2 сәбилер бақшасы» коммуналдық мемлекеттік
қазыналық кәсіпорны

05.01.2022 жылғы

№4 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің
ХАТТАМАСЫНАН ҮЗІНДІ

Қатысқандар: 34
Қатыспағандар: 1

Тақырыбы: «Павлодар қ. №2 сәбилер бақшасы» КМҚК-ның өзін-өзі бағалау қорытындысын шығару»

Мақсаты: «Павлодар қ. №2 сәбилер бақшасы» КМҚК-ның 2017 жылдан 2022 жылдың ақпан айына дейінгі жұмыс кезеңінде білім беру қызметтері сапасының тиімді қызметіне толық өзін-өзі бағалау және объективті талдау беру.

Күн тәртібі:

1. 2017 жылдан бастап 2022 жылдың ақпан айына дейінгі жұмыс кезеңінде «Павлодар қ. №2 сәбилер бақшасы» КМҚК қызметін қорытындылау және өзін-өзі бағалау бойынша шешім қабылдау.
2. Сәбилер бақшасының өзін-өзі бағалау жөніндегі аттестаттау комиссиясы мүшелерінің есебі.
3. Педагогикалық кеңестің шешімі

Бірінші мәселе бойынша №2 сәбилер бақшасының басшысы О.М.Бондарцованың сөзі тыңдалды. Ол педагогикалық ұжымды 2017 жылдан бастап 2022 жылдың ақпан айына дейінгі жұмыс кезеңіндегі барлық бағыттар бойынша мектепке дейінгі ұйымның өзін-өзі бағалау қорытындыларымен таныстырды. Өзін-өзі бағалау бойынша барлық материалдар балабақшаның ресми сайтында орналастырылатын болады.

Екінші мәселе бойынша әдіскерлер В.И. Стинская, Б. С. Барамбаева кадрлық құрам туралы, педагогтерді аттестаттау, курстық даярлау туралы, 2017-2022 оқу жылдары бойынша жүргізілген әдістемелік жұмыс туралы, тәрбие-білім беру процесін ұйымдастыру және жағдай жасау жөніндегі нормативтік құжаттарға сәйкес білім беру қызметтерін сақтау және орындау туралы сөз сөйледі, баланың жеке, зияткерлік, әлеуметтік және эмоционалдық дамуын қамтамасыз ететін жағдай жасау туралы бейнематериалдар дайындалды. Барлық құжаттар жүйеленген және аналитикалық есеп жасалған.

Әдістемелік жұмыстың тиімді көрсеткіші 2017 жыл мен 2022 жылдың ақпан айы аралығында оқу жылдарында қойылған әдістемелік жұмыстың түрлі нысандарында жүзеге асырылған міндеттерді орындау және іске асыру болып табылады. Балабақша базасында тәрбиешінің кәсіби сапасын арттыру мақсатында «Жас педагог мектебі» жұмыс істейді. Сәбилер бақшасы өз қызметін МДҰ-ның нормативтік базасын регламенттейтін құқықтық нормативтік құжаттарға сәйкес жүзеге асырды. Осы құжаттардың негізінде МЖБС міндеттерін іске асыруға

бағытталған перспективалық жоспарлау жасалды. Жыл сайын балалардың ББД анықтау бойынша мониторингтік зерттеулер жүргізілді, 2017 жылдан бастап 2022 жылдың қаңтарына дейін оқу жылдарының оң көрсеткіштері анықталды. Осы кезеңдегі бағдарламалық материалды барлық жастағы топтардың балалары барлық бөлімдер бойынша қолайлы деңгейде игерді. ЗДО қызметін ұйымдастыру кезінде баланың жас ерекшеліктерін ескере отырып, барлық талаптар сақталады. Сондай-ақ, балабақшада мамандар толық көлемде жұмыс істейді. Сөйлеу қабілеті бұзылған балалар үшін логопедтік пункт жұмыс істейді, оған тексеру қорытындысы бойынша 25-тен көп емес бала барады. Психологиялық-педагогикалық кабинет жұмыс істейді. Балабақша базасында педагог-психолог ЕБҚ балаларына арналған бағдарлама әзірледі.

Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту бойынша №2 сәбилер бақшасының медбикесі А. Р. Айткужинова сөз сөйледі. Ол педагогтерге 2017 жылдан 2022 жылдың ақпанына дейін атқарылған жұмыстар туралы ақпарат берді. Талдау нәтижелері балабақшаның педкеңестері мен педсағаттарында тыңдалды. Мектепке дейінгі ұйымда балалардың 12 сағаттық болуына сәйкес 4 мезгіл тамақтану ұйымдастырылған. Ас блогында барлық қажетті жабдықтар бар, бұл ассортиментте әртүрлі тағамдарды дұрыс дайындауға мүмкіндік береді.

Үшінші мәселе бойынша №2 сәбилер бақшасының басшысы О.М. Бондарцова сөз сөйледі. Ол қорытынды жасап, педагогикалық кеңес шешімінің жобасын талқылауға шығарды.

05.01.2022 жылғы №4 жоспардан тыс педагогикалық кеңестің шешімі:

1. «Павлодар қаласының №2 сәбилер бақшасы» КМҚК-да мектепке дейінгі жастағы балаларға білім беру қызметін жүргізу үшін барлық қажетті заттар бар.
2. МДТОМЖС барлық салалары бойынша бағдарламалық материалдың нормалары орындалды.
3. Оқу-тәрбие процесін ұйымдастыру МДҰ қызметін регламенттейтін нормативтік құжаттамаға сәйкес келеді.
4. Өзін-өзі бағалау бойынша барлық материалдар балабақша сайтына жарияланады.

Төрайым:
Сәбилер бақшасының басшысы

Хатшы:
Сәбилер бақшасының әдіскері

 О.М.Бондарцова

 Б.С.Барамбаева